

Әдебиеттер тізімі

- 1 Дергунов А.В., Губин В.А. «Психолого-педагогическое сопровождение подростков с делинк-ветным поведением». – СПб.: ЗАО ПОНИ, 2008, 207 с.
- 2 Данилович Х.К. «Технологии профилактики девиантного поведения детей и подростков» / Киев., 2008, 59 с.
- 3 Смелзер Н. Социология: пер. с англ. / М.: Феникс, 1994, 688 с.
- 4 Фирсов М.В., Студенова Е.Г. «Теория социальной работы: Учебное пособие для студ. высш. учеб. Заведений» / М., 2001, 432 с.

НАГИМЖАНОВА К.М., САРТАЙ Н.Н.

ОСОБЕННОСТИ РАБОТЫ С ПОДРОСТКАМИ С ДЕВИАНТНЫМ ПОВЕДЕНИЕМ

В статье рассказано о психологических особенностях подростков с девиантным поведением и факторах возникновения девиантного поведения, показаны особенности работы с подростками с девиантным поведением. Даны рекомендации по работе с такими подростками.

Ключевые слова: девиантное поведение, сироты, биологические факторы, психологические факторы, социально-педагогические факторы, социально-экономические факторы.

NAGIMZHANOVA K.M., SARTAY N.N.

FEATURES OF WORKING WITH ADOLESCENTS WITH DEVIANT BEHAVIOR

The article describes the psychological characteristics of adolescents with deviant behavior and the factors of occurrence of deviant behavior, shows the features of working with adolescents with deviant behavior. Recommendations for working with such teenagers are given.

Key words: deviant behavior, orphans, biological factors, psychological factors, socio-pedagogical factors, socio-economic factors.

ӘОЖ 372.882

Бекбосынова, А.Х.,

тіл және әдебиет теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, Қостанай, Қазақстан

Макатова, А.А.,

қазақ тілі мен әдебиеті, 4 курс, А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, Қостанай, Қазақстан

МЫСАЛ ЖАНРЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйін

Мақалада мысал жанрын мектепте оқытудың ерекшелігі талданды. Яғни, оқушылардың сабақ барысында ақпаратпен жұмыс жасай алу және оны өмірде қолдану жолдары зерделенді. Мысал жанрының оқушыға тигізер маңызы – тұлға психологиясы, әлеумет-тану теориясы, когнитивті лингвистика, рухани-моральдық аспекті және таным теориялары бағыттар тұрғысынан қарастырылды. Талдау барысында жаңаша көзқарастар мен теорияларды жинақтаған еңбектер пайдаланылды. Мақалада оқушылардың мысал жанрын оқу барысында таным және ақыл-ой процесі дағдыларын дамыта отыра білім алуы, оны өңдеу, талдау жұмыстарын іске асыруы және түрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді ұтымды қолдану маңыздылығы баяндалды.

Кілт сөздер: мысал, тұлға психологиясы, танымдық теория, мораль, сюжет, тәрбие, білім беру, таным теориясы.

1. Кіріспе

Мысал жанрын оқытудың ерекшелігін – жаңаша көзқарастар мен пайымдаулар тұрғысынан талдау қажет. Ол үшін әлемдік зерттеулер мен ғылыми теорияларға көмекке жүгінеміз. Себебі, әлемдік білім беру жүйесінде көптеген зерттеулер мен жаңаша ашылулар толыққанды зерттеуге түсіп, ғылыми тұрғыда дәлелденген сипатқа ие.

Мектеп бағдарламасына сүйенер болсақ, мысал тек бастауыш буын өкілдерінің жоспарында қамтылған, бұл өз кезегінде оқушылардың жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелейтін көмекші құрал болып табылады. Әуелі, мысалдағы сюжет пен оқиғаны қазіргі заманғы мәдениет пен қоғамның, әлеуметтік өзгерістерімен салыстыра оқытқан жөн. Автордың өзі өмір сүрген заманындағы проблемаларды ишаралап, тұспалдап айту мақсаты мен салдарын зерделеу – оқушының салыстыру, ғаламдық тұрғыда бағалау дағдыларын қалыптастыруға итермелейді. Екіншіден, автор мен оқырман арасындағы байланыс тұрғысынан талдау жасауда маңызды. Өз ұлтымызға тән мәдениет пен даму тенденцияларына қызығушылық таныту, қазақ күйінің өзгерістер арасалмағын қарастыру – таным деңгейінің жоғарғы сатыларына қадам басуға септігін тигізеді.

Орта мектепте қазақ әдебиетіндегі «мысал жанрын» оқыту – рухани құндылықтарды дәріптеуде, жақсы мен жаманды айыра білуде алар орны ерекше. Оқушы жақсы мен жаманды айыра білуге, қоғамдағы мәселелерге өзіндік көзқараспен қарай алуға үйренеді. Сонымен қатар тұлға психологиясы, әлеуметтану теориясы, когнитивті лингвистика, рухани-моральдық аспектілер, таным теориялары сынды әлемдік деңгейдегі факторлар, мысал жанрында қамтылады. Демек, осы ауқымды мәселелерді оқытудан тыс қарастырмай, керісінше мысал жанрымен тұтастықта қарастыру маңызды. Тағы бір ескеретін дүние, біз өзге көркем шығармалардың тәрбиелік не болмаса дамытушылық маңызын жоққа шығармаймыз. Біз мысалдың көркем шығармаларды оқытуда негізгі қаңқа болуы себебінен, оның дұрыс әрі мықты қалануына жағдай мен басымдылық жасалу қажет деп есептейміз.

2. Материалдар мен әдістер

Біріншіден, мысалдың тұлға психологиясы тұрғысынан мәні мен пайдасына тоқталсақ. Ағылшын ғалымдары Бартлетт Стив, Бертон Диана «Білім берудегі зерттеулер. Кіріспе» атты еңбекте «Жеке жетістіктер: негізгі психологиялық теориялар» атты 8-тарауында: «адамның білімі жоғары деңгейде болуын қаласақ, оны қоғам, қоршаған орта контекстінде қарастыру керек. Бұған қоса, әлеуметтік таным мен мотивация мәселелерін қарастыру маңызды екендігін көрсетеді» [1,258].

Біріншіден, мысал сюжеті арқылы – оқушы бойында, қоғам жайлы, қоршаған ортадағы мәселелер туралы ақпараттар мен көріністердің іргетасы қаланады. Маңыздысы да осы. Мектеп бағдарламасында оқытылатын Ахмет Байтұрсыновтың «Егіннің бастары», «Өгіз бен бақа», «Аққу, шортан, һәм шаян» сынды мысалдар қазақ халқының табиғаты мен қазақ өміріне сай жазылған, төл туынды қатарына жатады. Оқушы бұл мысалдарды оқу арқылы – өзімізге тән мәдениет, рухани құндылықтар мен салт-сана жайлы түсініктер мен мағлұматтар алады. Қазақ қоғамында бар не болуы ықтимал проблемалар мен жат мінез-құлықтарды әшкерелейді. Оқушы көтерілген қоғамдық мәселелерді саралап бағалайды. Алайда, осы саралау мен бағалау процестері кезінде барлық оқушы өзгеге ұқсамайтын, ерек жауап нұсқаларымен, өзіндік шешім шығару мен көзқарастарының алуандығымен тандандырады. Себебі, тұлға психологиясы оқушыларда әртүрлі, тіпті, мінез-құлықтың өзгеше болуы, ойлау процесінің әртүрлілігі. Сол себептен де, мысал жанрында орын алатын түрлі өмірлік жағдаяттар мен оқиғаларға оқушылардың қабылдауы, шешімі мен қорытындылары бірдей болмауы ықтимал. Осы кезде, ұжымдық талдау жүргізу, әрбір оқушы көзқарасын сұрау арқылы тұлғаның позициясын, қоршаған орта жайындағы түсініктерінің қалыптасуына ықпал етеміз. Расыменде, үлкен маңызға ие – мысал жанрының оқу бағдарламасында аз қамтылуы, өз кезегінде оның практикалық маңызын төмендетеді. Тағы бір ескеретін жағдай, мысалдағы мораль мен фиктивті жан-жануарлар бейнесі арқылы ұсынылады. Ол бастауыш буын оқушылары үшін өте қызықты, жаңаша мазмұнға ие шығарма ретінде қабылданады. Әртүрлі жан-жануарларға жан

бітіре сөйлету, белгілі бір іс-әрекеттер мен оқиға жүйесін құрастыру оқушы қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Оқушылардың жас ерекшелігін ескеретін болсақ, бұл кезеңдегі оқушылар барлығын тез қабылдап, тез меңгеретін уақыт болып табылады. Сондықтан, мықты тәрбие мен білімнің іргетасын осы кезеңде қалаған дұрыс.

Кез келген тұлғаның әр қилы аспектіде дамуы үшін – әлеуметтік таным жақсы қалыпташуы қажет. Мысалдың ғибратты, мазмұнды және жамандықты ашық әшкерелеуі тұлға бойындағы әлеуметтік танымды жетілдіруде өз септігін тигізеді. Әлеуметтік таным дегеніміз не? деген орынды сауал туындайды. Бұл жайлы психология, әлеуметтану және когнитивті лингвистика сынды еңбектерде көптеп жазылған.

Ғалым Әмірқұлова Ж.А. «Қазақ фольклорындағы мәдени-тәрбиелік таным көріністері» атты мақаласында қоғам арасында таным туралы түсініктің толық қалыптаспауы жайлы сөз етеді. Егер адам өзіне «мен кімін?» деген сауалды қойып, соған жауап іздеген сәтінде ғана, таным үрдісіне жақсырақ мән беріле бастар еді. Әлеуметтік таным – қоғамдағы рухани және материалдық байлық көздерінің бөлінісінен, әділетсіздіктен пайда болып даму үстінде. Ал әлеуметтік тіршілік қайшылықтары – адамның таным деңгейіндегі түсініспеушіліктерінен адамдардың бойындағы адами қасиеттерінің негізінде қоршаған ортаға, адамдармен қарым-қатынасында өздерінің мінез-құлық өзгешелігінің ерекшелік-терінен болады [2, 98].

Мысал жанрын оқыған кезде «әділетсіздік», «әлеуметтік тіршілік қайшылықтары», «рухани және материалдық байлық», «бөлініс» сынды ұғымдарды көптеп кездестіреміз. Өуелі, оқушылар осы ұғымдармен танысады. Танысқаннан соң, адами қасиеттердің әсерін, адамдармен қарым-қатынас кезіндегі мінез-құлық өзгешеліктеріне мән беріп, бақылайды. Өмірмен байланыстыра шешімдер қабылдайды. Осы қадамдарды іске асыруда оқушылардың бойында «әлеуметтік таным» фундаменти қаланады. Оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, «әлеуметтік таным» түсінігі толыққанды қаланады деп айта алмаймыз. Біріншіден, жоғарыда аталып өткендей, оқушылардың жас ерекшелігі, психологиялық қабылдау жүйелері (сана, ақыл-ой, қабылдау процестері, ес т.б.) әртүрлі. Кейбір оқушылар тез қабылдап, тез түсініп алуы ықтимал, ал басқа бір оқушылар үшін бұл процесс асықпай, ақырын жүруі мүмкін. Бұл факторларды да ескерген жөн. Алайда, осы секілді көптеген себептерді негізге алып, оқытуды жеңілдету не болмаса тапсырмаларды қарапайым нұсқада ғана ұсыну – алға қойылған оқу мақсаттардың орындалу коэффициентін төмендетеді. Дұрысы жеңіл-желпі тапсырмаларды емес, білімді жоғарылатуға бағытталған тапсырмалар жүйесін беру. Осылайша жұмыс жасаудың нәтижесінде, оқушылардың өзге қырынан дамуына мүмкіндік тудыра аламыз. Сонымен қоса, әлеуметтік таным әр ұлттың мәдениеті, тілі мен мысалы арқылы әрқилы қалыптасады. Мысалы, Ахмет Байтұрсынов қазақ мысалдарын жазу кезінде қазақи таным, өмір сүру ерекшеліктеріне мән бере отырып, өзгерістер енгізді. Бұның тиімділігі оқырман үшін қабылдауға оңай болуы мен жалпы мысалдағы мазмұн мен оқиға ішіне тез бойлай алуға мүмкіндік тудырды. Біз қарастырып отырған мысалдарды оқыту – қазақ халқының тілі мен мәдениетіне, салт-санасын зерделеуге бағытталған. Қазақ мысалдарын оқып өскен балалардың әлеуметтік танымы кеңейіп, қазақ ұлтына тән ерекшеліктер мен қажет емес жат мінез-құлықтар, іс-әрекеттер жүйесін бағалауға септігін тигізеді.

Енді мысалды рухани-моральдық аспектілер тұрғысынан талдап көрсек. Ағылшын ғалымдары Ритцер Д., Степниcki Д. «Әлеуметтану теориясы» атты еңбекте әлеуметтану теорияларын негізге алып, Эмиль Дюркгейм білім берудегі реформалауда балалардың қоғамға деген моральдық көзқарасын қалыптастыруға көмектесу керектігін айтады. Тұлғаны «мораль» түсінігі арқылы білімдендіру, тәрбиелеу мәнін негізге алып, толыққанды түсіндіреді. Мектептердің қазіргі замандағы моральды әлеуметтік негізде қамтамасыз ете алатын жалғыз мекеме болатындығын алға тартып, сенім білдіреді.

Дюркгейм үшін мораль үш компоненттен тұрады. Біріншіден, мораль тәртіпті, яғни эгоистік импульстарға қарсы тұрған билік сезімін қамтиды. Мұнда шектеу жоқ. Өйткені жеке мүдделер мен топтық мүдделер бірдей емес және кем дегенде қысқа мерзімді конфликт тууы мүмкін. Мораль – қоғамға қосылуды білдіреді, өйткені қоғам – біздің моральдық көзіміз. Мо-

раль адамды толықтырады. Үшіншіден, мораль автономияны, яғни біздің іс-әрекеттерімізге жеке жауапкершілік сезімін қамтиды. Дюркгеймнің қоғамға моральдық көзқарас ретінде қарауы – көптеген адамдарға оның мінсіз актор болып сырттай бақыланатын адам, яғни толықтай конформист саналуы. Алайда Дюркгейм автордың мұндай анықтамасымен толық келіскен жоқ [3, 114].

Шыныменде, біздің моральдық көзқарастарымыз – қоғамды қалыптастырады, сондықтан да мораль – қоғамға қосылуды білдіреді. Мысалдың өзегі де – мораль болып табылады. Мораль жоқ болса, мысалдың мазмұны жоғалады. Дюркгейм ұсынған мораль анықтамасы мысалдың маңыздылығының көрінісі.

Әлеуметтану теориясы тұрғысынан мысалдың ерекшелігіне назар аударсақ. Дженсен ұсынған зерттеулерде ақыл-ойдың 80 пайызы тұқым қуаласа, 20 пайызының қалыптасуына қоршаған орта әсер етеді деп есептеді. Жуықта Ұлыбританияда жүргізілген Джеррим және т.б. (2015) соңғы зерттеулері нәтижесінде балалардың оқи алу көрсеткіштеріне қатысты әлеуметтік-экономикалық алшақтықты генетикалық факторлар түсіндіріп бере ала ма деген сұраққа жауап беруге тырысты. 10 000-нан астам ана мен бастауыш мектеп оқушыларынан биомолекулярлық деректер жинақталып, оны 7, 9 және 11 жастағы балалардың оқу көрсеткішімен салыстырып көрді. Нәтижесінде оқу бойынша тест нәтижелеріне қатысты әлеуметтік-экономикалық алшақтықтың 2 пайызы ғана генетикалық тұқым қуалаушы-лықпен байланысты екендігі анықталды, бұл қоршаған орта факторларының әсері жоғары екенін тағы да дәлелдейді [3, 276].

Бұл зерттеуден оқушының қоршаған орта факторларының түйген қорытындылары мен байланыстырының әсер ету ықпалы жоғары екендігін байқаймыз. Демек, әлеуметтік мәні жоғары мысал жанрын оқу – оқушы үшін, оның өмірлік тәжірибесі мен дамуына үлкен үлес қоса алатын, маңызды жанр ретінде қарастырылуы қажет.

3. Нәтижелер мен талқылау

Оқыту теориясын қарастырғанда бірқатар мәселелерді атап өткен жөн. Бұл мәселелер қатарына мінез-құлық, танымдық теориялар, олардың негізгі қағидаларын терең түсіну. Тұлға психологиясына қатысты айтылған мәліметтер, осы мінез-құлық қағидаларымен ұштасып дамиды. Ия, мінез-құлықтың қалыптасуына, өзгеруіне өмірлік жағдаяттар, қоғамдық оқиғалар әсер етеді. Алайда, туа біткен кейбір мінез-құлықтарды өзгертуге әсер ете алмайтын тәжірибелерде аз емес. Мысал жанрындағы кейіпкерлердің образы арқылы оқушылар өздерінің іс-әрекеттерін, мінез-құлықты мен жүріс-тұрысы жайлы ой қозғайды. Мысал мінез-құлықтың өзгеруіне не дамуына әсер ете алады, оны өмірлік жағдаятқа сай шешім шығаруға итермелейтін қозғаушы болады.

Ал танымдық теория жағдаят пен қоршаған ортаның оқытуға тигізетін әсеріне ерекше мән береді. Танымдық теория оқушылардың ойы, сенімі, көзқарасы және құндылықтарының рөліне аса мән береді. Оқушылардың «Оның қажеті қанша?», «Мен дұрыс жасап жатырмын ба?» тәрізді ойлары оқуға әсер етеді, сондықтан оқу жоспарын қайта қарастыру мәселесі орын алады. Білім беру мақсатында оқушыларға түсіндіру және үйретуді тәжірибе мен кері байланыстың көмегімен білімін жетілдіргісі келетін оқушыларға қоршаған ортаның қолдауы деп түсінеміз. Оқушыларға білім не үшін қажет, олар білімге қалай қол жеткізеді, оны қалай қайталап, кодтайды, сақтайды немесе еске түсіреді деген мәселелер қамтылған [4, 41]. Танымдық теория оқытуды білім алу, ақпаратты өңдеу, жад жүйесі, сабақ барысында болып жатқан оқиғаларды (мұғалімдер, құрдастары, материалдар, ұйымдар) оқушының қабылдауы мен түсіндіруі сияқты факторлармен байланыстырады.

Бұл теорияны оқытудың – математикалық есептерді шығару, мәтінді қорытындылау, эссе жазу сияқты күрделі формаларын түсіндіру үшін қолдануға болады. Яғни, оқушының таным процестерінің ықпалымен қоршаған ортаны зерделеу, тигізетін ықпалы жайында мағлұмат береді.

Мектепте мысал жанрын оқытудың мәні *тұлға психологиясы, әлеуметтану теориясы, когнитивті лингвистика, рухани-моральдық аспектілер, таным теориялар* сынды әлемдік

деңгейдегі мәселелерді әдебиет тұрғысынан зерделеп, оқушыға жаңа мазмұн ашуда өзіндік ықпалын тигізеді. Оқушылардың ынтасын анықтау және оны жоғарылатуда маңызды. Бұл өз кезегінде мотивацияны қолдануға алып келеді.

Сонымен қатар, мысал сюжетіндегі кейіпкерлер образы мен олардың іс-әрекеттері оқушыны ынталандыруы, яғни мотивация беруі әбден мүмкін. Бұл мотивация өз кезегінде оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын оятуға септігін тигізеді. Себебі, оқушыларға кейіпкерлердің іс-қимылдары мен диалогтары қызықты болады. Мысалдан туындайтын қорытынды ой, мораль мен нақыл сөздер оқушының қазіргі замандағы қоғамдық проблемалар мен қазақ өміріндегі мәселерге қызығушылықтарын қалыптастырады. Бұл өз кезегінде білімнен бұрын, тәрбиенің бірінші болып берілуі маңыздылығының көрінісі.

Ағылшын әдіскер-ғалымы Шунк Дейл Х. «Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі» атты еңбекте: «оқыту процесіне білім алу, дағдылар, тәсілдер, ұстанымдар, көзқарастар және мінез-құлықты қалыптастыру мен оларды жетілдіру жатады» [4,18] дейді.

Байқағанымыздай, оқыту процесіне оқушының көзқарастары, мінез-құлықтарын қалыптастыру, жетілдіру компоненттері де маңызды. Мысалды оқытудың келесі бір мәніне осы факторды жатқыза аламыз. Осы бөлшектерді құрастыруда мысалдың алар орны үлкен. Оқушының ақпаратты еске түсіруі, нақтыдан жалпыға көше отырып, бірізділік тәсілін қолдануы мен алдыңғы сабақтардағы негізгі сөздер мен идеяларды еске түсіруінің барлығы – ақпаратты есте сақтауға немесе оны еске түсіруге қажетті стратегиялар [1, 284] болып табылады.

Ағылшын ғалымдары Шульц Д.П., Шульц С.Э. «Қазіргі психология тарихы» атты еңбекте тұлға психологиясынан бөлек, гуманистік психология жайлы баяндайды. Яғни, гуманистік психология – адам күші мен позитивті талпыныстарына, саналы тәжірибесіне, еркіне, адам әлеуетін жүзеге асыруға және адам болмысының тұтастығына деген сенімге негізделеді [5, 375].

Әлеуметтік таным теориялары оқушының отбасы мен қоршаған ортаны танып-білуінің қажеттілігін мойындайды, әрі бір мезгілде неғұрлым тереңірек білім жинақтау үшін сабақ беру мен оқудың да маңызды екеніне баса назар аудару керектігін еске салады [6, 66]. Демек, оқушыға қолжетімді «мәдени ресурс» ретінде қарастырады. Оқытуда ықпал ететін факторлардың (тәрбие мен табиғат) өзара байланысы мен сәйкестігі жайлы екінші бөлімде толықтыра баяндайды. Табиғат пен тәрбиенің өзара байланысы – екіжақты даму процесінің бір бөлігі.

Ағылшын ғалымы Поллард Эндрю «Рефлексивті оқыту негіздері» атты еңбекте: «оқыту – адамзат іс-әрекетінің қызық та, аса күрделі қыры» [6, 59]. Ал, орыс ғалымы Вачкова С.Н. оқушылардың 20% ертегі мен мысалдың айырмашылығын дұрыс түсінбейді, екі жанрды шатастыру секілді қателіктер кездеседі дейді. Бұған себеп, бастауыш мектептің оқу бағдарламасында мысал жанрын дидактикалық жанр ретінде, оқушының мәнерлеп оқу техникасын меңгеру, мұғалімнің көмегімен бірлесе мысалдың моральін анықтау, оны талдау және сахналау мақсаттарында пайдалана қарастыруға басымдық берілуі. Бұл кезеңде оқытудың басты назары – мысалдың композициясы мен тіліне қойылады. Осының әсерінен оқушылар ертегі мен мысалдың ара-жігін толыққанды білмеу сынды проблемалар туындайды. Оқушыны тек теориялық біліммен ғана емес, тұлға ретінде қалыптасу сатысында мысал үлкен септігін тигізеді. Жаңа әлеуметтік шарттар мен кезеңдерде, оқушының бейімделуі үшін өмірлік тәжірибе, сабақ алу сынды дағдыларды үйренеді. Сол себепті де мысалды «ерекше жанр» ретінде қарастыру маңызды.

4. Қорытынды

Қорыта келе, бүгінгі күні мысал жанрының тақырыбы кеңейіп мазмұны тереңдей түсті. Себебі, адам мінезіндегі жағымсыз қылықтар, қарапайым өмірдегі, іс-әрекеттеріндегі қылықтарды нақты дөп тауып сынайды. Тәрбие – тал бесіктен демекші, оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, жас кезінен бастап, мысал жанрын оқытуға ерекше мән беру – дұрыс жолға бағыттау болмақ. Жоғары мәдениетті қоғам болудың алғашқы қадамдарын жасайтын

мектеп жастарды заман ағымына лайықты әлеуметтендіру арқылы қоғамның мейлінше қалыптасып қозғалысын қамтамасыз етеді. Олар тәртіпке, тіл алғыштыққа, ауызбірлікке және ұқыптылыққа ерекше мән береді. Сонымен қатар, мысал оқушыларды өз мәдениетіне сай ойлауға, дәстүрді құрметтеуге және ережелерді ұстануға үйретеді. Барлық қоғамда білім саласы – мәдениетті қалыптастырудың маңызды құралы. Қоғам және адам арасындағы байланысты орнатушы көпір болатын мысалды оқыту – тұлғаның өмірлік танымның қалыптасуына, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылыс жасауына, қоғам арасында дұрыс өмір сүруге көмекші болады. Жоғарыда айтып өткендей, бастысы тұлғаның рухани дамуы, оның әлеуметтік рөлін дұрыс ұғынуы, рухани кемелденуге бағыттау. Бұл мысалды оқытудағы басты көзделетін мақсат.

Әдебиеттер тізімі

1 Бартлетт Стив, Бертон Диана «Білім берудегі зерттеулер. Кіріспе» / Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 464 б.

2 Әмірқұлова Ж.А. «Қазақ фольклорындағы мәдени-тәрбиелік таным көріністері» // Философия ғылымдарының докторы, профессор Гүлжиһан Жұмабайқызы Нұрышеваның 60 жылдығына арналған «Ұлы даланың жеті қыры және қазақ философиясының өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 2019. – 512 б.

3 Ритцер Д., Степницкий Д. «Әлеуметтану теориясы». 10-басылым \ Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 856 б.

4 Шунк Дейл Х. «Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі» \ Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 608 б.

5 Шульц Д.П., Шульц С.Э. «Қазіргі психология тарихы». 11-басылым \ Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл. – 448 б.

6 Поллард Эндрю Рефлексивті оқыту негіздері / Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 728 б.

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., МАКАТОВА, А.А. ОСОБЕННОСТИ ИЗУЧЕНИЯ БАСЕН В ШКОЛЕ

В статье проанализированы особенности изучения басен в школе. То есть изучены способы, которыми учащиеся могут работать с информацией во время урока и применять ее в жизни. В целом, рассмотрены особенности жанра басни в сферах психологии личности, теории социологии, когнитивной лингвистики, духовно-нравственного аспекта и теории познания. В работе были использованы труды, обобщившие новейшие подходы и теории. В ходе изучения жанра басни было отмечено, что учащиеся приобретают навыки познавательного и умственного процесса, осуществляют его обработку, анализ и рациональное использование различных информационных коммуникационных технологий и методов.

Ключевые слова: басня, психология личности, когнитивная теория, мораль, сюжет, воспитание, образование, теория познания.

BEKBOSSYNOVA, A.KH., MAKATOVA, A.A. FEATURES OF LEARNING FABLES IN SCHOOL

The article analyzes the features of the study of fables in school. That is, the ways in which students can work with information during the lesson and apply it in life are studied. In general, the features of the fable genre in the fields of personality psychology, theory of sociology, cognitive linguistics, spiritual and moral aspects and theory of knowledge are considered. The work used works that summarized the latest approaches and theories. During the study of the fable genre, it was noted that students acquire the skills of cognitive and mental process, carry out its processing, analysis and rational use of various information and communication technologies and methods.

Key words: fable, personality psychology, cognitive theory, morality, plot, upbringing, education, theory of knowledge.